

7 Şilova, M.İ. *Cherty nasionálnogo haraktera: rosiski variant* / M.İ. Şilova, N.İ. Malinovskaia // *Pedagogika*. - 2002. - № 8. - S. 24 - 28. - stätä

8 Gorohova M. A. *Reprezentasia britanskogo nasionálnogo haraktera v paremiologicheskom fonde angliskogo iazyka: Diss. kand. filol. nauk.* – Nijni Novgorod, 2017. – 204 s. – S. 23. – disertasia

9 Safina A. M. *Nasionälnyi harakter v tatarskoi istoricheskoi proze (vtoraia polovina XX veka): Avtofef. diss. kand. filol. nauk.* – Kazän, 2010. – 27 s. – avtoferat disertasi

10 Auezov M.O. *Kak ia rabotal nad romanom «Abai» i «Püt Abaia»* // M.O. Auezov. *Mysli raznyh let: İssledovania. Stati na kaz. İ rus. İazykah.* – A., 1959.- stätä

11 Auezov M. *Püt Abaia. Perevod pod red. A. Nikölskoi, T. Nurtazina, L. Soboleva. Kniga pertvaia.* – Almaty, Ana tılı, 1997. – 328 s. – kniga

12 Auezov M. *Püt Abaia. Perevod pod red. L. Soboleva. Kniga vtoraia.* – Almaty, Ana tılı, 2004. – 328 s. – kniga.

МРНТИ 16.31.51

Бектурганова Ж.М.,¹ Сейталиева Қ.У.²

¹ Нархоз Университеті,

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТАЛДАМАЛЫ ЭССЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңдағы өте өзекті жанрлардың бірі - эссе туралы, соның ішінде талдамалы эссе мәселесі көтеріледі. Талдамалы эссе - мазмұны жағынан терең пайым мен талдауға, бұлтартпас айғақтар мен дәлелдерге, мысалдарға құрылатын эссе түрі. Оны тілі мен стилистикасы жағынан ғана емес, композициясы, логикасы жағынан талдау нысанына алу кез келген оқырманның білімін кенейтіп қана қоймай, ойлау мәнері мен машығын, дәлелдеу өнерін игеруге мүмкіндік береді. Талдамалы эсселердің ұғымдық аппараты мен дәлелдеу аппараты оны дидактикалық мақсатта оқу үдерісінде қолдану әлеуетін арттыра түседі. Оқырманды ұғым, пайымдау, ойқорытынды сияқты ойлау формаларына, диалектикалық ойлаудың заңдарына үйретеді. Сол себепті де талдамалы эсселердің дидактикалық әлеуетін оқу үдерісінде, парасатты оқырман тәрбиелеуде дидактикалық маңызы ерекше болып табылады.

Түйін сөздер: эссе, талдамалы эссе, ұғым, пайымдау, дәлел, мазмұн, тақырып атауы

Bekturganova Zh.,¹ Seytalieva K. ²

¹ Narxoz University,

² Kazakh National Pedagogical University named Abai,
Almaty, Kazakhstan

ANALYTICAL ESSAY AND FEATURES OF ITS USE FOR DIDACTICAL PURPOSES

Abstract

The article deals with the problem of the analytical essays as one of the contemporary topical genres of our time. An analytical essay is a type of essay where the author makes a deep analysis of the topic under consideration using methods of proof and argumentation. Analyzing not only the language and style, also the logical structure, composition of such essays enables the reader to develop his style of thinking, to master the art of reasoned speech. The conceptual apparatus and the apparatus of argumentation increase the potential of using such essays for didactic purposes in the educational process. Teaches the reader such forms of thinking as concept, reasoning and inference and the laws of dialectical logic. Therefore, the use of analytical essays is especially important in the educational process, in the process of forming a thinking reader.

Keywords: essay, analytical essay, concept, reasoning, proof, content, titles

Bekturganova Zh.M.,¹ Seytalieva Q.U.²

¹ Университет Нархоз,

² Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

АНАЛИТИЧЕСКОЕ ЭССЕ И ОСОБЕННОСТИ ЕГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ДИДАКТИЧЕСКИХ ЦЕЛЯХ

Аннотация

В статье рассматривается проблема аналитического эссе, как один из современных актуальных жанров нашего времени. Аналитическое эссе - это вид эссе, в котором автор делает глубокий анализ рассматриваемой темы, используя методы доказательства и аргументирования. Анализ не только языка и стилистики, но и логической структуры, композиции таких эссе дает возможность читателю развивать свой стиль мышления, освоить искусство аргументированной речи. Понятийный аппарат и аппарат аргументации увеличивает потенциал использования таких эссе в дидактических целях в учебном процессе. Обучает читателя таким формам мышления, как понятие, рассуждение и умозаключение и законам диалектической логики. Поэтому использование аналитических эссе является особенно важным в учебном процесс, в процессе формирования мыслящего читателя.

Ключевые слова: эссе, аналитическое эссе, понятие, рассуждение, доказательство, содержание, заголовки

Кіріспе. Авторды толғандырған қандай да бір мәселе, арнайы тақырып төңірегіндегі терең талдауға, парасатты ойға құрылған эсселердің де көлемі аз емес. Әлем әдебиетіндегі М.Монтеннің, А.Камюдің "Сизиф туралы миф" атты абсурд философиясы туралы философиялық эссесі осы санатқа жататын үздік туындылардың бірі [1].

Нағыз тартысты, сарапшыл ой, терең пайым эссенің осы түрінде көбірек кездеседі, өйткені бұл эсселер талдауға, зерттеуге құрылады. Ол әсіресе философия, мәдениет, тарих, әдебиет, өнер саларына қатысты мәселелерді ғылыми-көпшілік, эссеистік тілмен түсіндіріп береді. Әрине эссені бұл ғылым салаларымен шектеп қоюға болмайды. Эссе жас, мамандық тандамайды деуге лайық. Қолына қалам ұстаған, айтатын сөзі мен ойы бар, өмірлік тәжірибесі мен ой-өресі, ақыл-парасаты қандай да бір ой айтуға, тұжырым жасауға жеткен әрбір адам эссе жанрында көсіліп жаза алады. Десе де, бүгінгі таңда эссе негізінен әдебиет пен мәдениет, философия салалары шеңберінен шыға алмай келеді. Одан шыққан күнде қазақ тілінің де ғылым мен білімдегі тынысы кеңейіп, эссе жанры қазақ тілінің жалынды жанрына айналары хақ.

Әдістеме. Арнайы мәселе төңірегінде терең ой қозғап, "парасат майданында" тұшымды пікір, сын айту, жан-жақты зерттеу жүргізу қиын да болса, қазіргі көпшілік, оқырман үшін өзекті. Бұл ретте Мұрат Әуезовтің "Энкидиада", Ғарифолла Есімнің "Сана болмысы" (саясат пен мәдениет туралы ойлар) атты еңбектері эссе элементтерін бойына сіңірген шығармалар. Сондай-ақ, Қ.Мырзалиевтің "Жазмышы", Д.Амантайдың "Постмодернизм уақыты", "Шығармашылық жол - жұмбақ жол", "Болмыс туралы" атты эсселері нақты пайымға, ал кейбірі ғылыми түсініктерді таразылауға құрылған. Бұл бағытта жазатын авторлардың ішінде өзінің терең талдау, тұшымды ойларымен ерекшеленетін автор - А.Кемелбаева. Оның "Рух бастауы. Мұрат Әуезов", "Глиястың "Құлагері", "Жүз жұрттың жұмбағы. Қадыр Мырза Әлидің жұмбақтар әлемі", "Шебер мен Мусанниф. Шәкір Әбенұлының хадистік қос әңгімесі", "Оноре де Бальзак. Құлан жарғақ", "Абай мен Блейк", "А.С.Пушкин. "Мысыр түндері", "Ата жұртта арыңның қазағы бар", "Ақын Ғалым Жайлыбай", "Құлагер болмысты пырақ. Суретші Мұратбек Жоламанов", "Байсын өмірдің шуақтары. Жазушы Сапар Байжанов", "Бас сүйектің қаңқасы", Әмірхан Балкыбектің "Қасқыр құдай болған кез", "Ақын апологиясы" жинағына енген тарихи эсселері өзінің терең талдауларымен, жаңа пайымдауларымен құнды.

Нәтиже. Бұл эсселердегі тақырып атауларының берілуінде өзіндік ерекшелік бар. Енді бір эсселерде тақырып атауларында автордың өз кейіпкерлеріне деген өз көзқарасы, өз бағамы, өз өзі үшін маңызды пәлсапа бірден көзге көрініп тұрса, мұндай эсселерде автор оқырманды кейіпкерге де емес, өз пайымына да емес, назарды өз эссе туындысындағы мәселеге аудартып, қызықтыруға тырысатыны байқалады. Автор жеке жазушы, ақын, ғалымның шығармаларын талдауы мүмкін, бірақ ол жерде оның өзі емес, оның туындылары басты назарда болады. Және автор оқырман назарын

барынша өзіне немесе кейіпкерге емес, мәселеге, шығармаға аудартуға тырысады. Сол себепті кейде оларды номинативті атаумен атап қана кетсе ("Сана болмысы", "Болмыс туралы", "Постмодернизм уақыты" т.б.), енді бірде оқырманның өзіне сұрақ қойып қызықтырады (Ә.Балқыбек: "Атлантида түркілер мекені болған ба?", "Пайғамбар кім? Автор ше?" т.б.), оқырманға бірден ашыла қоймайды (Ә.Балқыбек: "Бір аңыздың ізімен" - мәселен, аңыздың атын айтып кетсе де болушы еді, "Будда бірде дүниеге келгенде" - уақытын ашып айтпай, тұспалдайды, "Кісі есімінен басталған соғыс" - кісі есімін нақты көрсетпейді, "Шыңғыс хан тыңдаған жырдың шындығы" - жырдың атын айтпайды. "Гомер "Илиадасы". Түркілер және мәңгілік қала" - мәңгілік қаланың аты айтылмайды. Бұл тақырыптарды оқыған оқырман өзі соның жауабын білгісі келіп, шығарманы оқығанда да осы сұрақтың жауабын іздеумен болады), ресми, ғылыми стильге тән қатаңдық пен көркемдікті жазуда қатар ұстанып, авторлық позициясын да айқын көрсетіп тұрады (А.Кемелбаева: "Құлагер болмысты пырақ. Суретші Мұратбек Жоламанов", "Байсын өмірдің шуақтары. Жазушы Сапар Байжанов", "Рух бастауы. Мұрат Әуезов", "Жүз жұрттың жұмбағы. Қадыр Мырза Әлидің жұмбақтар әлемі", "Оноре де Бальзак. Құлан жарғақ", "А.С.Пушкин. "Мысыр түндері"), нақтылықпен әрі жинақылықпен оқырманның есінде қалуға тырысады. Қалыптасқан мақал, фразеологизмдерді трансформациялау арқылы тартыс тудыру (Ә.Балқыбек: "Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Тәңірі" - бұл жерде лексикалық трансформация орын алған), тақырып атауына антоним-сөздерді қосу арқылы қайшылықты түсініктермен тақырыпқа қызықтыру (Ә.Балқыбек "Қара бала ұлы қаған болғанда" - бұл жерде "қара" мен "ұлы" сөздері авторлық қолданыста контекстік антонимдер болып тұр), грамматикалық құрылымдарды пайдалану (Д. Амантай - "Шығармашылық жол - жұмбақ жол", Ә. Балқыбек: "Нағашың еврей болса", "Қара бала ұлы қаған болғанда", "Будда бірде дүниеге келгенде" - соңғы құрылымдарда автор оқырманды қызықтыру үшін тақырыптың сырын бірден ашпайды, ол лексикалық қана емес, синтаксистік бірлік - аяқталмаған формадағы сабақтас құрмалас сөйлемдер арқылы да жүзеге асқан). Аталған қатарлардағы эсселерден Ә.Балқыбектің эссе тақырып атауын қою шеберлігі ерекше байқалады. Автор өзінің шығармаларының қалың көпшілікке арналғанын естен шығармайды. Сол себепті сол көпшілікке түсінікті, жақын тілмен сөйлеуге әрдайым тырысып отырады. "Ажалмен алысқан алыптар әфсанасы" - ассонанс тәсілімен тақырып атауының құлаққа жағымды естілуін ойлап қана қоймай, "мифтік әңгімелер, аңыз" деуден бас тартып, "әфсана" сөзін қолданады. "Ұлы даладан Үндістанға дейін" - мұнда да дыбыстық ырғақ бар, сондай-ақ, "Махабхарата" жырының атауын емес, оның ауқымын тақырып атауына арқау етеді. "Мысырлық ақын" деудің орнына "Перғауын ақынның құпиясы" деп айдар береді. Сол сияқты "Таураттағы" баба түркі іздері, "Гомер" эпосының жаңғырықтары", "Нағашың еврей болса", "Қасқыр құдай болған кез", "Ақын апологиясы", "Шыңғыс хан тыңдаған жырдың шындығы" сияқты эсселердің қай-қайсысында автор үйреншікті, стандарт қолданыстардан бойын аулақ ұстап, халыққы тартымды, жақын тақырып-атауларын жасайды. Автор тақырып атауынан бөлек шығарма мазмұнының да соған лайық болуын әсте естен шығармайды.

Пайымдауға құрылған бұл эссе туындыларының қатаң логикалық композициялық құрылымы бар. Алдыңғы эссе түрлерінде көлемі қысқа эсселер бар болған болса, бұл эсселердің көлемі орташа және ауқымдылары да бар. Мысалы, Қ.Мырзалиевтің "Жазмыш" туындысы 2 бөлімнен, 22 тақырыптан, жалпы көлемі 381 беттен тұратын көлемді шығарма. Ә.Балқыбек, Д.Амантай, А.Кемелбаеваның туындыларының көлемі негізінен ғылыми мақалалардың көлеміндей.

Бұл эсселердің басқа эсселерден басты айырмашылығы:

- 1) қарастыратын мәселесінің болуы;
- 2) сол мәселеге қатысты ұғымдық аппаратының болуы;
- 3) дәлелдеуді қажет ететін тезисінің болуы;
- 4) дәлелдеу аппаратының болуы.

Әрине, барлық шығарма өз алдына бір мақсатты көздейді, мәселені көтереді. Бірақ әр жанрдың бұл мәселені шешу тәсілі әрқалай болатыны мәлім. Көркем шығармада ол кейіпкерлер мен образдар жүйесі, сюжет, оқиға арқылы эстетикалық шешімін тапса, ғылыми шығарма оны ғылыми талдау, зерттеу жолымен объективтік ғылыми тұжырымдар шығарып шешеді немесе шешу жолын қарастырады. Публицистика, бұқаралық ақпарат құралдары бұл мәселеге көпшіліктің назарын аудартып, оны шешуді көпшілік, қоғам талқысына ұсынады. Эссе болмысына тән басты ерекшелік - оның "біз" деп емес, "мен" деп батыл айта алатыны. Сондықтан мұндай эсселерде мәселе автордың көзқарас танымы тұрғысынан қарастырылып, автор көзқарасы тұрғысынан пайымдалады. Д.Амантайдың "Постмодернизм уақыты" эссесінің тақырып атауының тұсында жақша ішінде "Мен постмодернизмді қалай түсінемін" деп жазып қоюы да осының дәлелі. Осы арқылы автор эссесін

постмодернизм мәселелерін танып-білудің қыр-сырына арнайды. Автордың осы және осы сияқты "Болмыс туралы", "Әдебиет - әріп", "Шығармашылық жол - жұмбақ өнер (классикалық модернистік және постмодернистік кезеңдер)" деп аталатын эсселерінде, Ә.Балқыбектің, А.Кемелбаеваның эссе туындыларында баға беру немесе тек тұжырым жасау мақсатын көздемейді. Эсседе сөз етіліп отырған мәселені талдау, ақыл таразысына салуды мақсат етеді. Сондықтан бұл шығармалары "ғылыми пайымға", яки пәлсапаға құрылады. Бұл - осы эссе түрлерінің бәрін ортақ, басын қосатын ұқсастық болса, тілі, баяндау мәнері жағынан, әрине, әрқайсысы өзінше бөлек. Бұл жағынан келгенде әр автордың өзіндік дара стилі, мәнері мен талғамы бары айқын көрінеді.

Талдау. Бұл эссе түрлерінің ұғымдық аппараты өте ауқымды, өйткені пайым белгілі бір ұғымдарға сүйенеді. Философиялық еңбектердегі анықтамаға сүйенетін болсақ, ойлаудың негізгі үш формасы бар: ұғым, пайымдау, ойқорытынды. Бұлардың әрқайсысы шартты түрде жекелеген тіл бірліктерімен сәйкеседі: ұғым - сөз, сөз тіркесі, пайымдау - сөйлем, ой қорытынды - мәтін. Қандай да бір талдау әдістерін қолдана отырып пайымдау, ой-қорытынды жасау үшін әр адам ұғымдарды басшылыққа алады.

«Ұғым дегеніміз заттар мен құбылыстардың елеулі белгілері мен қасиеттерін бейнелейтін абстрактілі ойлау формасы. Ұғым – заттардың жалпы, елеулі белгілерінің тікелей бірліктік формасындағы ойда бейнеленуі. Ұғым – нәрселер тобының бәріне ортақ жалпы мәнді белгілерін бейнелейтін ой» [2,64]. Сондай-ақ, «Көп заттардың ортақ сындарын алып жия білу, екінші түрлі айтқанда, зат туралы ой ұғым деп аталады...Ұғым жалпылықты тілейді. Жалпыламасаң, яғни бір топ заттардың әрқайсысының дербес сындарын алып тастамасаң ұғым болмайды. Сондықтан ұғым – ойдың ғана ісі. Ұғымды оймен ғана жасауға болады» [3,61]. Пайымға құрылған эсселерде авторлардың осы ұғымдарды басқарып, қандай да бір пайымдау, ой қорытындылар жасау шеберлігі, яки интеллектуалдық өрісі көрінеді.

Әрбір автор өз эссесінде белгілі бір сөз - ұғымдарды басшылыққа алады, қарапайым адам үшін көп сөздің бірі болғанмен, эссе авторы үшін бұл сөздер актуалданып, белгілі бір философиялық мағыналық, логикалық жүк арқалап тұруы мүмкін.

Пайымдау эсселерінің көбінің басты ерекшелігі - онда арнайы және жекелеген ғылым сөздерінің молынан кездесуі. Әрине, ол ең алдымен шығарманың пайымдау мәнеріне тікелей байланысты бір туындыда ол мол болса, бір туындыда азырақ ұшырасады. Дегенмен, белгілі бір терминдермен, арнайы сөздермен пайым жасау осы эссе авторларына тән болып келеді. Мысалы, Д.Амантайдың шығармаларында кездесетін болмыс, ойлау, ойшыл, құбылыс, ой, қағидат, ғалам, дүние, ұғым, абстракциялық категория, түсінік, таным онтологиясы, таным, ілім, таным-түсінік, философиялық категориялық ұғым, әдіс-тәсіл, постмодернизм, постмодерн т.б., Ә.Балқыбектің шығармаларында кездесетін миф, тотем, қасқыр мифі, көшпелілер, Тәңірі, метаморфоза, астарлы аллегория, түйсік, иудаизм, прототүркілер, жебірейлер, арабтар, тарих, археология, геология, мұхиттану т.б. А. Кемелбаеваның шығармаларында кездесетін суфизм, шабыттың персонификациялануы, афоризмге құштарлық, көпшілік мәдениеті, өнер символы, әдеби дәстүр, суретші, шығармашылық процесс, аллегориялық кейіп, діни философия т.б. осы сияқты терминдер бұл жазушылардың тілін ғана сипаттап тұрған жоқ, оның ғылыми ойлау аппараты мен білімдерінің жиынтығын көрсетіп тұр.

Осы санатқа жатқызылған Қ. Мырзалиевтің "Жазмыш" туындысында автордың сөз саптауы ғылыми болмағанмен, ойлауы, мақсаты - пайымдау. Шығарма автордың нақты бір тақырып аясындағы ой-толғамдары мен пайымына құрылған. Оны автор шығарманың "тілге тиек еткен" кіріспесінде былай деп көрсетеді: "Жазмыш" - ақындар және ақындық қасиет туралы дара көзқарас" дейді. Шығарманы жазудағы автордың мақсаты ақындар - "болмысынан бөлек, табиғатынан тылсым, қайталанбас құбылыс, уникал", ақындық, ақындық өмірдің тылсым, жұмбақ сырлары, туралы өз көзқарасын білдіру. "Иірім" шығармасы автордың өз өмірінен алынған тағылымды әңгімелерге толы болса, "Жазмыш" - пайымға құрылады. Соның салдарынан болар, шығарма танымал адам есімдерімен бірге, автордың ойлары мен болжамдарына негіз болатын мысалдарға толы. Ол туралы да автор бір сөзінде "ғылыми түсініктер бере алмағанмен, жиналған деректерді баяндап шығу қолымнан келетін шығар деп ойлаймын. Ал, енді, ондай мысалдар көл-көсір" дейді. Шығармадағы линиялық сюжет - "Жазмыш" болса, бұл мысалдардың барлығы осы сюжеттің нақты дәлелдері деуге болады. Бұл мысалдар жалаң емес, әр мысал автордың нақты ой-тұжырымдары мен ой-толғаныстарының себебі, иә болмаса дәлелі қызметін атқарып тұр.

Қ.Мырзалиевтің "Жазмыш" шығармасында арнайы лексика жоқтың қасы болғанмен (автор оған басымдық бермегенмен), шығарма мәнмәтінінде актуалданып, ұғымдық мағына алған сөздер

баршылық. Ондай сөздерді тақырып атауларынан байқаймыз: даңқ пен абырой, даңққұмарлық пен мәшһүрлік ("Даңқ"), көріпкелдік, әулиелік, көрегендік ("Көріпкел-әулиелік"); ішімдік, маскүнемдік ("Дерт"), мансапқорлық ("Биік мансап"); әуесқойлық ("Енді бір ермек"); құмарлық, құштарлық ("Әйел. Махаббат. Дон-жуандық"); ойынкұмарлық ("Карта ойыны") т.б. Ұғымдық деп танытынымыз, автор шығармада бұл сөздерге емес, түсініктерге тоқталып (ұғымның басты белгісі - оның анықтамасының болуы, түсіндірілуі), олардың ақын өмірінде алатын орнын, маңызын сөз етеді. Оларды әр қырынан сипаттап (ұғым болу үшін - біртектес заттардың, құбылыстардың маңызды белгілерінің жиынтығы болу керек), жалпылайды [4,34-69]. Мысалы, "Даңқ" үзіндісінде автор даңқ ұғымына мынадай анықтама береді: "...даңқ - ешкімнің ырқына көне салмайтын бірбет құбылыс", мынадай белгілері барын айтады: "лайық емес адамға жоламайды", "талғампаз пәле", "ойда жоқта бір күні келе салмайды", "шын мықтының жанында ұзақ жүреді", "жазу үстелінде қатар отырады", "шатақтардың ішінде жүреді", "мейрамханаларда, абақтыларда азапты бірге шегеді". Қ.Мырзалиевтің ақын өміріндегі "даңқ" түсінігінің жалпыланған көрінісі - осы. Шығармада "даңқты" метафоралық баламалармен де сипаттап өтеді: даңқ "нағыз таланттың жолсерігі, жұбанышы, көз жасын сүртетін беторамалы, жан жарасын жуатын таң нұры". Автордың түсіндіруіндегі "даңқты" нормативтік сөздіктегі берілген мағынамен салыстырар болсақ, "Ерен істер арқылы көпшілікке танылған атақ, абырой" дегеннен артық анықтама таба алмаймыз [5,494]. Ал ақын өміріндегі "даңқтың" мағынасы да, түсінігі де бөлек. Автор осы пайымын растап, қандай да бір болжамдар жасау үшін шығармасында көптеген мысалдар, дәйексөздер келтіреді.

Пайымдауға құрылған эсселердің көтеретін мәселесі болады және ол әдетте шығарманың кіріспе бөлігінде айқындалып, бір немесе бірнеше абзац көлемінде жазылады. Мәселесі бар демек - автордың түсіндіріп дәлелдегісі келетін бір пайымы бар деген сөз. Логиканың тілінде ол тезис деп түсіндіріледі, яғни дәлелдеуді қажет ететін тұжырым және ол міндетті түрде проблемалы болу керек. Мысалы, Қ.Мырзалиевтің "Жазмыш" шығармасында "Даңқ" туралы үзіндіде ол былай беріледі:

Шығарманың кіріспесі:

1) *Даңқ! Даңқ! Қай жағыңнан келуге болады саған? Алдыңнан келсе - тістейсің, артыңнан келсе - тебесің. Қуғанға - жеткізбейсің, қашқанды - құтқармайсың. Сен деп өліп-өшкеннің жанына жуымайсың. Ал енді атақ-даңқта шаруасы жоқ жоқ, жазу үстелінен бас көтермей, гұмыры үнемі ізденіс үстінде өтетін еңбекқор сорлылардың соңынан қалмайсың. Біреулерді адам басы айналар биікке шығарасың, біреулерді сондай биіктен шыңырау түбіне сүйектей лақтырасың. Қай жағыңнан келуге болады саған?!*

2) *Дүниеге шын ақын, ұлы ақын келген күні сонымен қабаттасып даңқ та туады. Көп кешікпей екеуінің арасында роман басталады. Қайткен күнде де сенен оңай құтылу жоқ. Саған құтылу оңай. Не ақын екеуің ырылдасып өтесіңдер. Не тату-тәтті тіл табасыңдар. Мұндай жағдайда ақын да бақытты, сен де бақыттысың. Әсіресе өлең-жыр бақытты. Оның жанкүйер оқырманы бақытты.*

3) *Әйтсе де, оған қаншама сүйсініп қол соққанмен, жұрт көзіне көп түскен, тілге көп іліккен даңғаза даңқ, екінші бірі білетін мәшһүрлік, Стефан Цвейг айтқандай: "талантты іштей тәлтіректетеді", кейде тіпті құртып тынады. Ол туралы әңгіме алда [6,27].*

Шығармадағы мәселеге оқырманды даярлап, логикалық жағынан дәлелдеуді қажет ететін тезисіне жетем дегенше, барлығы үш абзац ой айтылған. Бірақ негізгісі соңғы үшінші абзац. Мұнда басты тезис берілген: "Әйтсе де, оған қаншама сүйсініп қол соққанмен, жұрт көзіне көп түскен, тілге көп іліккен даңғаза даңқ, екінші бірі білетін мәшһүрлік, Стефан Цвейг айтқандай: "талантты іштей тәлтіректетеді", кейде тіпті құртып тынады". Осыдан кейінгі автордың негізгі бөлікте келтіретін барлық мысалдары осындағы ойды дәлелдеу үшін беріледі. Ал қорытынды бөлік осы мысалдарды жинақтап, автордың ақын үшін даңқ ол "не?" деген сауалына жауап береді. Осылайша, автор "даңқ" ұғымына өзінің жоғарыда келтірген анықтамасын беріп, ойын қорытады.

Пайымдау эсселеріндегі негізгі бөлік - логиканың тілімен айтқанда, автордың дәлелдеу аппаратының іске асатын бөлігі. Тезисті дәлелдеу үшін аргумент - дәлелдер керек. Дәлелдерді мысалдармен растау керек. Бұл мысалдар логиканың заңына сай себеп-салдарлық, түсіндірмелі-нақтылау, жоққа шығару (контраргумент) сияқты мақсаттарды көздеуі мүмкін. Әрине, автор жазып отырғанда, өзінің дәлелдеу аппаратын өзі тексеріп, мынау тезисім, мынау аргументім, мынау дәлелдерім деген сияқты іс-әрекеттерді жоспарламасы анық. Эссе жазу - бұл шығармашылық процесс. Ой ағымы қалай келсе, жазу да солай түседі. Кез келген ой жүйесіз болмайтындықтан, эсседегі ойдың логикалық қисыны болады, әйтпесе пайымдау эссесінің пайымдауға құрылу себебі де осы - ойлаудың заңдылықтарымен жасалады.

Қ.Мырзалиев эсселерінде ақын, жазушылар өмірінен алынған мысалдарды керемет пайдаланады. Кейде шығарманы оқып отырып, эсседе автордың өз сөзінен гөрі өзге адамдардың сөздері - дәйексөздері көп пе деп ойланып қаласың. Мысалы, "Жазмыштағы" "Көріпкел-әулиелік" деген эссесінде ол ақындарға тән көріпкелдік мен көрегендікті дәлелдеу үшін негізгі бөлімде 37 ақын-жазушының өмірінен (Ф.Ницше, Николай Глазков, В.С.Срезневская, Н.Гумилев, Андрей Белый, Михаил Светлов, Павел Коган, Хосе Рисаль, В.Мандилов, В.Иванов, А.Ахматова, М.Цветаева, А.Пушкин, А.Грибоедов, М.Лермонтов, Омар Гэйэм, Михай Эминеску, Мирза Галиб, Уистен Хью Оден, Сесар Вальехо, Георг Гейм, Назым Хикмет, Иржи Волькер, Ф.Сологуб, Е.Васильева, В.Шершеневич, М.Голодный, К.Симонов, И.Уткин, А.Ясный, Н.Рубцов, А.Тихомиров, В.Высоцкий, И.Тальков, И.Бродский, М.Ж.Көпеев) деректерді, шығармаларынан үзінділерді мысалға өз сөзіне дәлел ретінде келтіреді. Сондағы дәлелдегісі келгені (тезис) - "ақындар арасындағы әулиелік бүгін ғана басталған қасиет емес", оның "баяғыдан келе жатқан қасиет" екені.

Осы сияқты беделді, танымал тұлғалардың сөздері мен еңбектеріне, идеяларына, өмір деректеріне сүйену оқырмандарда үлкен сенім тудырады. А.Кемелбаева мен Ә.Балқыбектің эссе туындыларын алып қарайтын болсақ та, осындай адам есімдерінің көп кездесетінін көруге болады.

Шығармалардағы осы адам есімдеріне қарап-ақ, шығарма мазмұнының қай ғылым салаларына басымдық беріп, тұжырымдарына сүйенетіні туралы болжауға болады. Қ.Мырзалиев негізінен ақын-жазушылардың өмір деректеріне сүйенсе, Ә.Балқыбек тарихи тұлғалардың өмір деректері мен тарихшылардың еңбектеріне, ал А.Кемелбаева ақын-жазушылармен бірге әдебиеттанушы ғалымдардың ақпарат көздеріне жиі жүгінеді (шартты түрде). Ал Д.Амантайдың шығармаларының түгелге дерлігі философ авторлар. Сол себепті шығар, автор өзінің "Борхестің кітабы" атты жинағында бұл эсселерін философиялық эсселер деп көрсетеді [7].

Қорытынды. Сонымен, нақты пайымға, талдауға құрылатын бұл эсселер мазмұны жағынан әр тақырыпта, әр түрлі салаға қатысты және әр түрлі мазмұнда болып келетініне қарамастан, барлығына ортақ басты ерекшелік - пайымға және оған логиканың заңдарына сүйене отырып талдау жүргізу, дәлелдеуге құрылады. Ондағы мақсаты - оқырманның сенімінен шығып, өз ойына, пайымына сендіру болып табылады. Оның өзге эсселерге қарағанда талдамалы болып табылуының басты себебі де осы. Оқу орындарында оқушылар мен студенттер арасында кең тарала бастаған жазба жұмыстардың бір түрі - академиялық эссе де осы сияқты пайымдауға, тұжырымдар жасауға, талдауға, өз ойын дәлелдеуге құрылатындықтан, талдамалы эсселерге жақын келеді. Мұндай үлгілік эсселерді оқу, талдау оқырманның білім көкжиегін кеңейтіп қана қоймайды, оны да құрғақ сөзден аулақ болып, терең пайым және талдау жасауға, пікір таластыруға, ой еркіндігіне, ұғымдық, абстрактілі ойлауға, аргумент, дәлелдермен сөйлеуге үйретеді. Сол себепті де қазақ авторларының талдамалы эсселеріне, оның тілі мен стилистикасына ғана емес, ұғымдық және дәлелдеу аппаратына талдау жасау оқу үдерісінің дидактикалық құндылығын арттырып, білім алушылардың академиялық ойлау, жазу дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыруға негіз болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Камю А. Миф о Сизифе. Эссе об абсурде. 1941. Электронный ресурс // <http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000807/index.shtml>.

2 Философский-энциклопедический словарь. – М.: Инфра-М, 1997. – 576с.-книга

3 Иманқұл Н. Ойлау туралы ойлау. – Алматы: Эверо, 1998. – 206б.-кітап

4 Гетманова А.Д. Учебник логики. -М.: Айрис-пресс, 2003. -448стр. с.34-69.-кітап

5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. 752б.-кітап

6 Қадыр Мырза Әли. Жазмыш. -Алматы: Атамұра, 2004.с. -480б.

7 Амантай Д. Борхестің кітабы: Өлеңдер, эсселер, философия, кинематография, TV-interview, әдебиеттану, сұқбаттар, қосымшалар, рецензиялар, Facebook, Instagram, пьесалар: -Алматы, "Полиграфкомбинт" ЖШС, 2017. -476.-кітап.

References:

1 Kamü A. Mif o Sizife. Ese ob absurde. 1941. Elektronnyi resurs // <http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000807/index.shtml>.

2 Filosofski-ensiklopedicheski slovar. – M.: Īnfra-M, 1997. – 576s.-kniga

3 İmanqūl N. Oilau turaly oilau. – Almaty: Evero, 1998. – 206b.-kitap

- 4 Getmanova A.D. *Uchebnik logiki*. -M.: Airis-pres, 2003. -448str. s.34-69.-kitap
5 Qazaq әдеби тілінің сөздігі. *On bes tomдық. 4-tom*. Almaty: "Arys" baspasy, 2007. 752b.-kitap
6 Qadyr Myrza Äli. *Jazmys*. -Almaty: Atamūra, 2004.s. -480b. 7 Amantai D. *Borhestiñ kitabı: Öleñder, eseler, filosofia, kinematografıa, TV-interview, әdebiettanu, süqbattar, qosymşalar, resenziolar, Facebook, Instagram, pesalar*: -Almaty, "Poligrafkombint" JŞS, 2017. -476.-kitap.

МРНТИ 17.09.91

Bürkütbayeva Ş.,¹ Kortabayeva G.²

^{1,2} *El Farabi Kazak Devlet Üniversitesi,
Almaty, Kazakistan*

BAĞIMSIZ KAZAKİSTAN'DAKİ UYGURŞİİRİNİN ÖZELLİKLERİ

Özet

Makalede Bağımsız Kazakistan'da yaşayan Uygurların şiirinden bahsediliyor. Makale Bağımsız Kazak toprağında yaşayan Uygurların şiirleri, şairleri, edebi temsilcileri hakkında yazılan bilimsel çalışmanın yok denecek kadar az olduğundan dolayı ele alınmıştır. Bu çalışma bağımsızlık dönemi etnik Uygur şiirini tanıtmayı amaçlayan bir makaledir. Bağımsız Kazakistan Edebiyatının bir kolu olarak gelişmekte olan, Uygur diasporası şiirinin gelişme süreci, dönemleri, şairleri ve eserleri hakkında anlatılıyor. Türk halklarından biri olan, kardeş Uygur şiirinin ana konusu Kazak edebiyatı işleyen konularla bir yönde gelişmekte olduğunu belirtiyor ve şiirlerden örnekler veriliyor. Çalışmada etnik Uygur şiirini Kazakistan'ın bağımsızlığını ilan ettiği 1991'den bu yana üç döneme ayırarak işlemeye çalışılıyor. Uygur şiirinin her üç dönemde de hem konu, hem üslup açısından Bağımsız Kazakistan Edebiyatının bir kolu olarak devam ettiği açıklanıyor. Giriş bölümünde Uygur diasporası hakkında araştırma yapan ilim adamları belirtiliyor. Çalışmanın amacı ve yararlanıldığı kaynaklardan bahsediliyor. "Bağımsız Kazakistan'da Uygur şiirinin dönemleri" adlı bölümünde Uygur şiirinin üç dönemi olarak belirledikleri aşamalar anlatılıyor. "Bağımsız Kazakistan'da Uygur şiiri ve şairleri" adlı bölümde ise etnik Uygur şairleri ve onların eserleri inceleniyor. Sonuç kısmında genel değerlendirmeye yer veriliyor.

Makalede Almaty şehrindeki Uygur Kültür Derneği kütüphanesinden, R. Süleymenov adındaki Kazak Devlet Doğu Bilimleri İnstitüsünün Uygur Bilimi Bölümü (Uyguroloji) kaynaklarından ve şairlerin kendilerinden alınan eserlerden yararlanılmıştır.

Anahtar kelimeler: Uygur diasporası şiirleri, dönemleri, Bağımsız Kazakistan, kardeş halklar, edebi temsilciler

Бүркітбаева Ш. Д.,¹ Қортабаева Г.Қ.²

^{1,2} *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан*

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЙҒЫР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұйғыр диаспорасының поэзиясы жайында сөз болады. Біріншіден, бұл жұмыс тәуелсіз қазақ жерінде өмір сүріп жатқан ұйғырлардың жырлары, ақындары, әдеби тұлғалары туралы қазақ тілінде жазылған ғылыми жұмыстың өте аз болуына байланысты қолға алынған еңбек. Екіншіден тәуелсіздік жылдарындағы этникалық ұйғыр жырларын көпшілікке таныстыруды мақсат еткен зерттеу. Сондай-ақ, мақалада Тәуелсіз Қазақстан әдебиетінің бір бұтағы ретінде қалыптасып, даму жолындағы ұйғыр диаспорасы поэзиясының өсу-өркендеу кезеңдері, ақындары мен олардың еңбектері жайында сөз болады.

Мақалада Қазақстан тәуелсіздігін алған 1991 жылдан бүгінге дейінгі аралықтағы ұйғыр диаспорасы поэзиясы үш кезеңге бөліп қарастырылады. Мақалада Алматы қаласындағы Ұйғыр мәдени орталығының кітапханасынан, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Ұйғыртану бөліміндегі әдеби қордан алынған еңбектер пайдаланылды.